

"Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1200 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 25 тамыздағы № 535 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 587 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.07.2023 № 587 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1200 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 89-90, 636-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында:

6-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) арнаулы мемлекеттік органдар үшін әлеуетті өнім берушілердің тізімін қалыптастыру және бекіту үшін әлеуетті өнім берушілер туралы мәліметтерді ұсынады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Қағидалардың 10-1-тармағында белгіленген жағдайды қоспағанда, конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алу конкурстық құжаттаманың мәтіндерін конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алудың жүзеге асырылуы туралы хабарламаны (бұдан әрі – хабарлама), конкурсқа қатысуға өтінімдері бар конверттерді ашудың қол қойылған хаттамаларын, конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу туралы, жіберу туралы және конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаларды тапсырыс берушілердің интернет-ресурсында және мемлекеттік сатып алу веб-порталында (бұдан әрі – веб-портал) орналастырмай жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

"10-1. Арнаулы мемлекеттік органдардың конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуын қоспағанда, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жоспарланатын мемлекеттік сатып алу туралы хабарландыруды (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша қысқаша ақпарат) веб-порталда орналастыру жолымен жүзеге асырылады.

Бұл ретте әлеуетті өнім берушілердің тізімін қалыптастыру рәсімін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы осы Қағидалардың 28-1, 28-2, 28-3, 28-4 және 29-1-тармақтарында көзделген талаптарды ескере отырып жүзеге асырады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу мынадай дәйекті іс-шараларды орындауды көздейді:

1) тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыны, тапсырыс берушінің уәкілетті өкілін белгілеуі;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының уәкілетті өкілін айқындауы;

3) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының конкурстық құжаттаманы әзірлеуі, сондай-ақ қажет болған кезде сараптау комиссиясының құрамын (сарапшыны) қалыптастыруы және бекітуі;

4) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының конкурстық комиссияның құрамын, конкурстық комиссияның хатшысын қалыптастыруы және оны бекітуге ұсынуы;

5) тапсырыс берушінің конкурстық құжаттаманы бекітуі;

6) тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының әлеуетті өнім берушілер тізімін бекітуі;

7) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының веб-порталда жоспарланып отырған мемлекеттік сатып алу туралы хабарландыруды орналастыруы;

8) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының веб-порталда өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы өтінішхат берген әлеуетті өнім берушілердің тізімін қалыптастыруы;

9) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының өтініш берген әлеуетті өнім берушілердің осы Қағидалардың 29-1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруі;

10) әлеуетті өнім берушілер тізіміне енгізілмеген әлеуетті өнім берушілерге олардың енгізілмеу себептерін көрсете отырып, веб-портал арқылы хабарлама жіберуі;

11) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлауы;

12) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға

ниет білдірген әлеуетті өнім берушілерге конкурстық құжаттаманың көшірмесін ұсынуы, сондай-ақ осындай әлеуетті өнім берушілер туралы мәліметтерді конкурстық құжаттаманы алған тұлғаларды тіркеу журналына енгізуі;

13) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының осы Қағидалардың 38 – 40 -тармақтарында көзделген жағдайларда, конкурстық құжаттаманың көшірмесін алған әлеуетті өнім берушілерге оның ережелерін түсіндіруі;

14) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналында тіркеуі;

15) конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашуы, сондай-ақ конкурстық комиссия отырысының тиісті хаттамасын ресімдеуі;

16) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасының көшірмесін әлеуетті өнім берушілерге не олар туралы мәліметтер конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына енгізілген олардың уәкілетті өкілдеріне жіберуі (ұсынуы);

17) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау үшін конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауы;

18) конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға рұқсат етілген әлеуетті өнім берушілердің тізбесін қалыптастыруы және алдын ала рұқсат ету туралы тиісті хаттаманы ресімдеуі;

19) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерге алдын ала рұқсат беру туралы хаттаманың көшірмесін жіберуі (ұсынуы);

20) конкурсқа қатысуға берілетін өтінімдерді конкурстық құжаттама талаптарына және біліктілік талаптарына сәйкестендіруі;

21) конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілер тізілімін қалыптастыруы және рұқсат беру туралы тиісті хаттаманы ресімдеуі;

22) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушілерге рұқсат беру туралы хаттаманың көшірмелерін жіберуі (ұсынуы);

23) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілер ұсынған мәліметтерді, конкурстық баға ұсыныстары бар конверттерді конкурстық баға ұсыныстарын тіркеу журналында тіркеуі;

24) конкурсқа қатысушылардың баға ұсыныстары салынған конверттерді ашу , конкурстық комиссияның конкурстық баға ұсыныстарын бағалауы және

салыстырып тексеруі (конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындыларын шығаруы);

25) конкурстық комиссияның конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттаманы ресімдеп, оған қол қоюы және оны мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілерге жіберуі;

26) тапсырыс берушінің конкурс жеңімпазымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуы.

Осы тармақтың 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көзделген іс-шаралар арнайы мемлекеттік органдарға қолданылмайды.";

3-кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Әлеуетті өнім берушілердің тізімін қалыптастыру және бекіту

28. Осы Қағидалардың 28-1, 28-2, 28-3, 28-4, 29-1 тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, жабық рәсімдерді қолдана отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушілер тізіміне енгізілген әлеуетті өнім берушілердің атына мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама жібереді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік құпияларды қамтитын мәліметтер пайдаланылмайтын, бірақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таралуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын мәліметтер пайдаланылатын жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама жіберілетін әлеуетті өнім берушілерде Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті және оның органдары белгіленген тәртіппен беретін мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер пайдаланылатын жұмыстарды істеуге рұқсат болуға тиіс.

28-1. Арнаулы мемлекеттік органдарды қоспағанда, жабық рәсімдерді қолдана отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы веб-порталда жоспарланатын мемлекеттік сатып алу туралы хабарландыруды орналастырады. Хабарландыру мынадай ақпаратты қамтиды:

1) тапсырыс беруші мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының толық атауы, олардың орналасқан жері;

2) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілі мен мерзімдері;

3) тиісті орган бекіткен номенклатуралық анықтамалыққа сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің коды;

4) әлеуетті өнім берушілердің тізіміне енгізу туралы өтінішхаттарды қабылдау күні мен уақыты көрсетіледі.

Бұл ретте, әлеуетті өнім берушілердің тізіміне енгізу туралы өтінішхаттарын қабылдау Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 9-00-ден 18-00-ге дейін (қоса алғанда) бір жұмыс күнін құрайды;

5) жоспарланатын мемлекеттік сатып алу туралы қысқаша сипаттама.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу Заңның 39-бабының 4), 9), 9-1), 31), 32) және 35) тармақшаларында көзделген жағдайларда хабарландыру орналастырылмай жүзеге асырылады.

Хабарландыруда Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын мәліметтердің болуына жол берілмейді.

Хабарландыруды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы веб-порталда мемлекеттік сатып алуды өткізу басталғанға дейін кемінде күнтізбелік он бес күн бұрын орналастырады.

28-2. Жоспарланып отырған мемлекеттік сатып алуға қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші веб-портал арқылы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға өзін әлеуетті өнім берушілер тізіміне енгізу туралы өтінішхат береді.

Берілетін өтінішхатта әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың 29-1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайды.

Әлеуетті өнім беруші әлеуетті өнім берушілердің тізіміне енгізу туралы өтінішхатты осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы белгілеген мерзімде веб-порталда қалыптастырады.

28-3. Арнаулы мемлекеттік органдардың мемлекеттік сатып алуын ұйымдастырушыны қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алуды өткізу басталғанға дейін екі жұмыс күні ішінде веб-порталда осы Қағидалардың 29-1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексеру жүргізе отырып, өтінішхат берген әлеуетті өнім берушілердің қатарынан олардың тізімін қалыптастырады.

Бұл ретте, егер өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы өтінішхат түспесе немесе екеуден аз әлеуетті өнім берушіден түссе не мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы жүргізген осы Қағидалардың 29-1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін бір әлеуетті өнім берушіге рұқсат етілген жағдайда, хабарлама жіберілетін әлеуетті өнім берушілердің тізімін ұйымдастырушы толықтыруы мүмкін.

Өтініш берген және осы Қағидалардың 29-1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілер хабарлама жіберілетін әлеуетті өнім берушілердің тізіміне енгізіледі.

28-4. Арнаулы мемлекеттік органдардың мемлекеттік сатып алуын ұйымдастырушыны қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушілердің тізіміне енгізілген әлеуетті өнім берушілердің атына мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама жібереді.

Тізімге енгізілмеген әлеуетті өнім берушілерге олардың енгізілмеу себептері көрсетіліп, өтінішхатты қабылдамау туралы хабарлама жіберіледі.

Әлеуетті өнім берушілердің өтінішхатын қабылдамау туралы хабарлама осы Қағидаларға 1-2-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушілердің тізімі бекітілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде жіберіледі.

29. Атына хабарлама жіберілетін әлеуетті өнім берушілердің тізімін Заңның 6-бабында көзделген шектеулерді ескере отырып, тапсырыс беруші жасайды және оны тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға бекітеді.

Мемлекеттік сатып алу Заңның 7-бабының 3 және 4-тармақтарына сәйкес өткізілген жағдайда, конкурсқа қатысуға шақырылатын әлеуетті өнім берушілердің тізімін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы жасайды және ұйымдастырушының бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға не тапсырыс берушінің жауапты хатшысы немесе жауапты хатшының өкілеттіктерін жүзеге асыратын басқа лауазымды адам немесе оның міндетін атқарушы тұлға бекітеді.

29-1. Арнаулы мемлекеттік органдарды қоспағанда, хабарлама жіберілетін әлеуетті өнім берушілердің тізімін ұйымдастырушы мыналарды ескере отырып қалыптастырады:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті және оның органдары белгіленген тәртіппен беретін мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер пайдаланылатын жұмыстарға рұқсат, ол өткізілетін мемлекеттік сатып алудың мәніне сәйкес болуы тиіс;

2) Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің болмауы;

3) мемлекеттік сатып алу веб-порталында тиісті тіркеудің болуы.

Бұл ретте мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтер пайдаланылатын жұмыстарға рұқсаттың болуы мемлекеттік құпияларға жататын мәліметтер пайдаланылатын мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған кезде ғана міндетті.

Хабарлама жіберілетін әлеуетті өнім берушілердің тізімін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы веб-порталда қалыптастырады.

Әлеуетті өнім берушілердің тізімін ұйымдастырушының бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға бекітеді.

30. Өндіру, қайта өңдеу, жеткізу және өткізу үшін әлеуетті өнім берушінің оларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге құқығы талап етілетін

тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша тапсырыс беруші тиісті құқықтары бар әлеуетті өнім берушілер қатарынан конкурсқа қатысуға шақырылатын әлеуетті өнім берушілердің тізімін қалыптастырады.

Азық-түлік тауарларын және тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде тапсырыс беруші конкурсқа қатысуға шақырылатын әлеуетті өнім берушілердің тізімін отандық тауар өндірушілер және/немесе отандық кәсіпкерлер қатарынан қалыптастырады.";

31 және 32-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінім беруінің соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн қалғанда әлеуетті өнім берушілер тізіміне енгізілген әлеуетті өнім берушілердің атына мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама жібереді.

Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

Хабарламаға жауап ретінде әлеуетті өнім берушінің сұрау салуы бойынша конкурстық құжаттаманың көшірмесін жібереді және конкурстық құжаттаманы алған тұлғаның орналасқан жері, пошта мекенжайы туралы мәліметтерді, сондай-ақ тұлға туралы басқа да мәліметтерді көрсете отырып, бекітілген конкурстық құжаттаманы ұсыну фактісінің хронологиялық тәртіппен тіркелуін қамтамасыз етеді.

32. Конкурс тәсілімен қайта мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік он күн қалғанда осы Қағидалардың 31-тармағында көзделген талаптарды орындауға міндетті.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының хабарландыруында (хабарлама) қамтылған мәліметтер конкурстық құжаттамада көрсетілген мәліметтерге сәйкес келуге тиіс.";

96-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"96. Әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстары тең болған жағдайда конкурс нысаны болып табылатын, сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі мол әлеуетті өнім беруші жеңімпаз болып табылады.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысатын әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің

болуы мәселесін қараған кезде конкурстық комиссия әрбір жылын ескере отырып, осы конкурста сатып алынатын тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету нарығындағы жұмыс тәжірибесін ғана қарастырады.

Бағалары бірдей бірнеше әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі тең болған кезде конкурстық баға ұсынысы басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстарынан бұрын тіркелген конкурсқа қатысушы жеңімпаз болып танылады.";

осы қаулыға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес Қағидаларға 1-1 және 1-2-қосымшалармен толықтырылсын;

Қағидаларға 12, 13 және 14-қосымшалар осы қаулыға 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 25 тамыздағы
№ 535 қаулысына
1-қосымша
Ерекше тәртіпті қолдана отырып,
мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру
қағидаларына
1-1-қосымша

Әлеуетті өнім берушілердің тізіміне енгізу туралы өтінішхат

_____ мемлекеттік сатып алу конкурсы
(толық атауын көрсету)

Әлеуетті өнім беруші туралы жалпы мәліметтер:

Атауы _____

БСН/ЖСН/_____

(бизнес сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі)

Мекенжайы, байланыс деректері _____

Осымен конкурсқа шақырылатын әлеуетті өнім берушілердің тізіміне енгізу үшін өтініш білдіреміз, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1200 қаулысымен бекітілген Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 29-1-тармағында белгіленген біліктілік талаптар мен шектеулерінің сәйкес екенімізді растайтын мәліметтерді алуға келісім береміз.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 25 тамыздағы
№ 535 қаулысына
2-қосымша
Ерекше тәртіпті қолдана отырып,
мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру
қағидаларына
1-2-қосымша

Әлеуетті өнім берушілердің өтінішхатын қабылдамау туралы хабарлама

_____ мемлекеттік сатып алудың тапсырыс берушісі
немесе

(толық атауын көрсету)

ұйымдастырушысы

Р/с №	Өнім берушінің атауы	БСН/ЖСН (бизнес сәйкестендіру нөмірі , жеке сәйкестендіру нөмірі)	Қабылдамау себептері	Қабылдамау себептерінің негіздемесі
----------	-------------------------	--	-------------------------	---

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 25 тамыздағы
№ 535 қаулысына
3-қосымша
Ерекше тәртіпті қолдана отырып,
мемлекеттік сатып алуды
жүзеге асыру қағидаларына
12-қосымша

_____ сатып алу бойынша конкурс тәсілімен өткізілетін (конкурстың атауы) мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама

_____ (орналасқан жері)
) (уақыты мен күні)

1. Конкурсдық комиссия құрамы: _____

(конкурстық комиссия құрамын тізбелеу)

_____ .
(сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қысқаша сипаттау)

мемлекеттік сатып алу бойынша _____
конкурс

(екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып)

2. Әрбір лот бойынша жеке-жеке сатып алу үшін теңгемен бөлінген сома:

_____ .

(сомасын көрсету)

3. Келесі өтінімдер конкурсқа қатысуға жіберілді:

(рұқсат беру туралы хаттамаға сәйкес конкурсқа жіберілген әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін көрсету)

4. Конкурстық баға ұсыныстарын тіркеуге арналған соңғы уақыт өткеннен кейін берілуіне байланысты бағалауға және салыстыруға қабылданбаған әлеуетті өнім берушілердің _____

(әлеуетті өнім берушілердің атауларын көрсету)

конкурстық баға ұсыныстары бар конверттер.

5. Конкурстық комиссияның отырысына қатысуға конкурстық баға ұсыныстарын оларды тіркеуге арналған соңғы уақыт өткенге дейін берген конкурсқа қатысушылардың:

(конкурстық баға ұсыныстары бар конверттерді тіркеу журналына сәйкес конкурсқа қатысушылардың не олардың уәкілетті өкілдерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) хронологиялық тәртіппен біріздендіру керек)

конкурстық баға ұсыныстары ашылды және мыналарды қамтиды:

(конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстары бар конверттерді ашу кезінде барлық қатысушыларға жария етілген конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын конкурстық баға ұсыныстары бар конверттерді тіркеу журналына оларды тіркеудің хронологиялық тәртібімен көрсету).

5-1. Екінші жеңімпаздың (әрбір лот бойынша) атауы, орналасқан жері және бағасы:

6. Конкурстық баға ұсыныстары қабылданбады:

(мынадай себептер: конкурстық баға ұсынысы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан асып түсуін; демпингтік болып табылатын конкурстық баға ұсынысын көрсете отырып, конкурстық баға ұсыныстары қабылданбаған конкурсқа қатысушылардың не олардың уәкілетті өкілдерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсету).

7. Конкурстық комиссия бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша ашық дауыс беру жолымен былай деп шешті:

1) _____

(конкурсқа қатысушының атауы мен орналасқан жерін, сондай-ақ ол жеңімпаз деп танылған шарттарды көрсету)

конкурсқа қатысушының конкурстық өтінімі жеңімпаз деп танылсын немесе _____ мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурс өтпеді деп (конкурстың атауы) танылсын;

(егер конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын қарау, бағалау және салыстыру кезінде конкурс жеңімпазы анықталмаса немесе барлық конкурстық баға ұсыныстары қабылданбаса, тиісті себебін көрсету)

2) Тапсырыс беруші (тапсырыс берушілер)

_____ (әрбір тапсырыс берушінің атауын және орналасқан жері тізбеленсін)

_____ жылға дейінгі мерзімде _____

(конкурс жеңімпазының атауын көрсету)

-мен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасассын.

3) Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы _____

_____ (мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының атауы көрсетілсін)

Осы шешімге дауыс бергендер:

Жақтап _____ дауыс (конкурстық комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

Қарсы _____ дауыс (конкурстық комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Конкурстық комиссия төрағасының, мүшелерінің және хатшысының қолдары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2020 жылғы 25 тамыздағы

№ 535 қаулысына

4-қосымша

Ерекше тәртіпті қолдана отырып,
мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру
қағидаларына

13-қосымша

Бір көзден алу тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы хаттама _____ мемлекеттік сатып алудың атауы)

_____ (орналасқан жері) (уақыты мен күні)

1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы: _____

(атауы, мекенжайы)

_____ (сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қысқаша сипаттау)

сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүргізді.

2. Сатып алуға бөлінген сома (сомасын көрсету) теңге.

3. Осы тәсілді қолдануға негіздеме _____

(тапсырыс берушінің бір көзден мемлекеттік

сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімін қоса беру, бұйрықтың нөмірі, күні)

4. Өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі _____
("Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңның 9-бабы 1-тармағында

көзделген талаптарға сәйкестігін немесе сәйкес келмеуін көрсету)

5. Шарт жасалатын өнім берушінің атауы және орналасқан жері және мұндай шарттың бағасы:

6. Сарапшыларды тарту, олар ұсынған қорытындылар туралы ақпарат.

7. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы осы бір көзден алу тәсілімен сатып алу нәтижесі бойынша былай деп шешті:

1) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) _____

(өнім берушінің атауы және

_____ өнім берушіден сатып алынсын

(орналасқан жерін көрсету)

немесе бір көзден алу тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылсын

_____;

(тиісті себебін көрсету)

2) Тапсырыс беруші (тапсырыс берушілер)

(әрбір тапсырыс берушінің атауын және орналасқан жерін көрсету)

_____ жылға дейінгі мерзімде мемлекеттік сатып алу шартын _____

_____ жасассын. (өнім берушінің атауын көрсету)

3) Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы _____

(мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының атауын көрсету)

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының уәкілетті өкілінің және бірінші басшының не жауапты хатшының немесе жауапты хатшының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге лауазымды тұлғаның, тапсырыс берушінің немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолдары.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2020 жылғы 25 тамыздағы

№ 535 қаулысына

5-қосымша

Ерекше тәртіпті қолдана отырып,

Көрсетілетін қызметтердің өнім берушісін таңдау өлшемшарттары

№	Өлшемшарттар	Балдар	Растаушы құжат	
1	2	3	4	5
1.	Қызметтер көрсетілетін жерде* ет өнімдерін өндірудің және/ немесе қайта өңдеудің бар-жоғы	жоқ (0 балл)	жеке меншікте – 3 балл	<p>1. Объектінің техникалық паспорты (көшірме)</p> <p>2. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама..</p> <p>3. Нормада қолданылатын өнімге тауардың шығу тегінің қолданыстағы сертификаты.</p> <p>1. Қазақстан Республикасы әділет органдарында тіркелген жалға беру шарты (көшірме).</p> <p>2. Объектінің техникалық паспорты (көшірме)</p> <p>3. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды</p>

			<p>жалға алынған – 1 балл</p>	<p>мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының 3 аңының және " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының 3 аңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама.</p> <p>4. Нормада қолданылатын өнімге тауардың шығу тегінің қолданыстағы сертификаты.</p>
			<p>жеке меншікте – 3 балл</p>	<p>1. Объектінің техникалық паспорты (көшірме)</p> <p>2. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының 3 аңының және " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының 3 аңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама.</p> <p>3. Нормада қолданылатын өнімге тауардың</p>

	<p>Қызметтер көрсетілетін жерде* сүт өнімдерін өндірудің және/ немесе қайта өңдеудің бар-жоғы</p>	<p>жоқ (0 балл)</p>	<p>шығу тегінің қолданыстағы сертификаты.</p>
<p>2.</p>			<p>жалға алынған – 1 балл</p>
<p>1. Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген жалға беру шарты (көшірме). 2. Объектінің техникалық паспорты (көшірме) 3. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама. 4. Нормада қолданылатын өнімге тауардың шығу тегінің қолданыстағы сертификаты.</p>	<p>1. Объектінің техникалық паспорты (көшірме) 2. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының және "</p>		

			<p>жеке меншікте – 3 балл</p>	<p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама.</p> <p>3. Нормада қолданылатын өнімге тауардың шығу тегінің қолданыстағы сертификаты.</p>
3.	Қызмет көрсетілетін жерде* нан-тоқаш өнімдері өндірісінің бар-жоғы	жоқ (0 балл)	жалға алынған – 1 балл	<p>1. ҚР әділет органдарында тіркелген жалға беру шарты (көшірме).</p> <p>2. Объектінің техникалық паспорты (көшірме)</p> <p>.</p> <p>3. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының және " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама.</p> <p>4. Нормада қолданылатын өнімге тауардың</p>

				шығу тегінің қолданыстағы сертификаты.
4.	Өзінің жеміс-көкөніс өнімдерін өсіру немесе жеміс-көкөніс өнімдерін өсіретін отандық өндірушімен келісімшарттардың бар-жоғы	жоқ (0 балл)	жеке меншікте – 3 балл	1. 29-СХ есептің статистикалық нысаны немесе өткен жылғы А-005 нысаны
			жалға алынған – 1 балл	1. Отандық өндірушімен жасасқан шарт (көшірме). 2. 29-СХ есептің статистикалық нысаны немесе отандық өндірушілердің өткен жылғы А-005 нысаны
5.	Өзінің ірі қармалын өсіру немесе отандық ірі қармал өндірушілермен келісімшарттардың бар-жоғы	жоқ (0 балл)	жеке меншікте – 3 балл	1. 29-СХ есептің статистикалық нысаны немесе өткен жылғы А-008 нысаны
			жалға алынған – 1 балл	1. Объектінің техникалық паспорты (көшірме) . 2. 24-СХ есептің статистикалық нысаны немесе отандық өндірушілердің өткен жылғы А-008 нысаны
			жеке меншікте – 3 балл	1. Объектінің техникалық паспорты (көшірме) . 2. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан

			<p>Республикасының Заңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама.</p>
6.	Көкөніс қоймаларының бар-жоғы	жоқ (0 балл)	<p>1. Объектінің техникалық паспорты (көшірме)</p> <p>.</p> <p>2. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама.</p> <p>3. ҚР әділет органдарында тіркелген жалға беру шарты (көшірме).</p> <p>шарт бар – 1 балл</p>
			<p>1. Объектінің техникалық паспорты (көшірме)</p> <p>.</p> <p>2. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының және "Мемлекеттік</p> <p>жеке меншікте –</p>

7.	Азық-түлік сақтауға арналған қойма үй-жайларының бар-жоғы	жоқ (0 балл)	3 балл	көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама.
			Шарт бар – 1 балл	<p>1. Объектінің техникалық паспорты (көшірме)</p> <p>.</p> <p>2. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі Заңының және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама.</p> <p>3. ҚР әділет органдарында тіркелген жалға беру шарты (көшірме).</p>
				<p>1. Объектінің техникалық паспорты (көшірме)</p> <p>.</p> <p>2. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26</p>

8.	Бөлімшелер орналасқан орындарда қоғамдық тамақтандыру объектісінің бар-жоғы (ҚР ҰҚК Шекара қызметінің бөлімшелері үшін ғана қолданылады)	жоқ (0 балл)	(меншігінде бар - 3 балл; жалға алған - 1 балл) бар	шілдедегі Заңының және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының талаптарына сәйкес белгіленген нысандағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама. 3. ҚР әділет органдарында тіркелген жалға беру шарты (көшірме).
9.	Әлеуетті өнім берушінің тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында, қызмет көрсету орны бойынша аумақтық әділет органында тіркелуінің бар-жоғы	жоқ (0 балл)	(3 балл) бар	Заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлік және жеке куәліктің көшірмесі (жеке тұлға үшін). Бұл ретте, дара кәсіпкер ретінде тіркеудің бар болуы туралы ақпаратты тапсырыс беруші қажет болған жағдайда www.kgd.gov.kz сайтындағы " Электрондық сервис/салық төлеушілерді іздеу" қосымша парағынан алады.
10.	Ұқсас қызметтерді көрсету нарығындағы жұмыс тәжірибесі	жоқ (0 балл)	Бар (әрбір жұмыс істеген жылға 0,5 баллдан, бірақ 5 баллдан артық емес)	1. Көрсетілген қызметтер актісі (әрбір жыл үшін) (көшірме). 2. Шот-фактура (әрбір жыл үшін) (көшірме).

Ескертпе

* Қызметтер көрсетілетін жер тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың) аумағы шегінде айқындалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК